

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**МАГНИТТІК МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА СЕССИЯРАЛЫҚ
КЕЗЕҢДЕ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ОРГАНИЗАЦИИ ОБУЧЕНИЯ В МЕЖСЕССИОННЫЙ ПЕРИОД
ДЛЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ В МАГНИТНЫХ ШКОЛАХ**

Астана 2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 4 желтоқсан №12 хаттамасы).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 12 от 4 декабря 2018 года).

Магниттік мектептегі білім алушыларға сессияаралық кезеңде оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік ұсынымдар - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 320 б.

Методические рекомендации по организации обучения в межсессионный период для обучающихся в магнитных школах.

Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 320 с.

Бұл әдістемелік құралда Ресурстық орталықтардың базасында магниттік мектептердің білім алушыларын оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеіктері, магниттік мектептегі білім алушыларға сессияаралық кезеңде оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, сондайақ ресурстық орталықтар тәжірибесінен іс-шаралар жоспарларының үлгілері берілген.

Жинақ білім беру қызметкерлеріне және шағын жинақты мектептердің мұғалімдеріне арналған.

В методических рекомендациях представлены особенности организации учебного процесса обучающихся магнитных школ на базе ресурсных центров, рекомендации по организации обучения в межсессионный период для обучающихся в магнитных школах, а также образцы планов-конспектов проведения мероприятия из опыта ресурсных центров.

Сборник адресован работникам образования и учителям малокомплектных школ.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018
© Национальная академия
образования
имени И. Алтынсарина, 2018

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы шағын жинақты мектептер жаһандық өзгерістерге ұшырауда, оның негізгі мақсаты оқушының оқу проблемасын өз бетінше қою қабілетін қалыптастыру мен дамытуға, оны шешу алгоритмін қалыптастыруға, процесті бақылауға және алынған нәтижені бағалауға, оқуға және өз білімдерін тәжірибеде, күнделікті өмірде қолдана білуге бағытталған жаңартылған бағдарламаларды енгізу болып табылады.

Заманауи білім беру жеке тұлғаның қоғамда өзара әрекеттер жасау үшін өзекті қабілетін дамытуға бағытталған: әлеуметтік қызметке араластыру, өзін-өзі тиімді дамыту және өз бетінше білім алу үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Ресурстық орталықтардың тиімді жұмыс істеуі білім алушылардың кәсіптік бағдарын және өзін-өзі айқындауын, оларға шығармашылық мүмкіндіктерді іске асыру және саналы кәсіби таңдауды жүзеге асыру үшін мүмкіндік беруді жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етуі тиіс.

Ресурстық орталықтар жағдайында таңдалған бейініне сәйкес жалпы орта білім беру көлемінде жекелеген пәндерді тереңірек зерделеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру процесінің вариативтілігі мен жеке бағдарын қамтамасыз ету, білім алушылардың білім алу әрекетінің мотивациясының деңгейін арттыруы мүмкін.

Ресурстық орталықтардың қызметі білім алушылардың оқу бейінінің ішіндегі курстарды нақты таңдауы және икемді жеке білім беру бағдарламаларын құру үшін жағдай жасауға; білім беру мазмұнын жаңғырту және оның әрекет ету компонентін күшейту негізінде білім беру процесінің практикалық бағдарын жүзеге асыруға бағытталған.

Ауылда білікті педагог кадрлардың жетіспеуі, көптеген елді мекендердің базалық мектептерден алыс болуы, шағын жинақты мектептер санының көптігі жағдайында магниттік мектептер үшін сессияаралық кезеңде оқытуды ұйымдастыру проблемасы өзекті болып отыр.

Бұл мәселе айтарықтай ерте пісіп-жетілген. Қазіргі уақытта ШЖМ мұғалімдерінің қашықтықтан оқыту мәселелері бойынша құралдарға қол жетімділігі мен мектеп практикасында мұндай құралдардың жеткілікті әзірленбеуі арасында қарама-қайшылық бар.

Қашықтықтан жұмыс істеуге мүмкіндік беретін білім беру құралдары белгілі бір әдістемелік міндеттерді шешуге арналған, пәндік мазмұны бар және білім алушылармен өзара іс-әрекет жасауға бағытталған әртүрлі бағдарламалық-техникалық құралдарды қамтиды.

Оқу процесінде әртүрлі білім беру құралдары мен ресурстарды пайдалану

келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- ✓ Пәндік саланы тереңдік пен нақтылықтың түрлі деңгейлерінде меңгеру;
- ✓ Таңдалған пән саласындағы үлгілік практикалық міндеттерді шешу дағдылары мен біліктерін қалыптастыру;
- ✓ Белгілі бір әрекет түрлеріне қабілеттілікті дамыту;
- ✓ Зерттелетін объектілердің, процестердің үлгілерімен оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ✓ Білім, білік және дағдыларды түзету;
- ✓ Білім, білік деңгейін және іс-әрекет тәсілдерін меңгеруді бақылау.

Қашықтықтан қол жеткізу мүмкіндігі бар білім беру құралдарын бірқатар параметрлер бойынша жіктеуге болады:

а) шешілетін дидактикалық міндеттері бойынша:

- базалық дайындықты қамтамасыз ететін құралдар (электрондық оқулықтар, оқыту жүйелері, білімді бақылау жүйелері);
- практикалық дайындық құралдары (есептер, практикумдар, виртуалды конструкторлар, имитациялық модельдеу бағдарламалары, тренажерлер);
- көмекші құралдар (энциклопедиялар, сөздіктер, хрестоматиялар, оқу сабақтарының мультимедиялық әзірлемелері);
- кешенді құралдар (қашықтықтан оқыту курстары).

б) білім беру процесін ұйымдастырудағы функциялары бойынша:

- ақпараттық-оқыту (электрондық кітапханалар, электрондық мерзімді басылымдар, сөздіктер, анықтамалықтар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, ақпараттық жүйелер);
- іздеу құралдары (каталогтер, іздеу жүйелері).

в) Ақпарат түрі бойынша:

- мәтіндік ақпараты бар электрондық және ақпараттық ресурстар (оқулықтар, оқу құралдары, есептер, тестілер, сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар, мерзімді басылымдар, сандық мәліметтер, бағдарламалық - және оқу-әдістемелік материалдар);

- көрнекі ақпараты бар электрондық және ақпараттық ресурстар (топтамалар: фотосуреттер, портреттер, иллюстрациялар, процестер мен құбылыстардың бейнефрагменттері, тәжірибелерді көрсету, бейне экскурсиялар; статистикалық және динамикалық модельдер, интерактивті үлгілер: пәндік зертханалық практикумдар, пәндік виртуалды зертханалар; символдық объектілер: схемалар, диаграммалар);

- аудиоақпараты бар ақпараттық ресурстар (сөйлеудің, музыкалық шығармалардың, жанды және жансыз табиғат дыбыстарының жазбалары);

- аудио және бейне ақпараттары бар электрондық және ақпараттық ресурстар (пәндік экскурсиялар);

- біріктірілген ақпараты бар электрондық және ақпараттық ресурстар (оқулықтар, оқу құралдары, алғашқы дереккөздер, хрестоматиялар, есептер, энциклопедиялар, сөздіктер, мерзімді басылымдар) •

г) білім беру процесінде АКТ-ны қолдану түрлері бойынша:

- сабақтық;
- сабақтан тыс •

д) Оқушымен өзара іс-әрекет жасау формасы бойынша:

- байланыс режимінің технологиясы – «offline» (электронды хат алмасу, электрондық ақпарат банктерінен қажетті материалдарға тапсырыс беру және тарату);

- байланыстың синхронды режимінің технологиясы – «online» (форум, чат, сұхбат, ғаламтордан ақпарат іздеу, жаһандық желіде өз ресурстарын орнату).

Оқу құралының **мақсаты** мақсатқа сай технологияларды, оқыту нысандары мен құралдарын іріктеу принциптерін теориялық негіздеу және ШЖМ білім алушылары үшін сессияаралық кезеңде оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Негізгі міндеттері:

1. ШЖМ жағдайында сессияаралық кезеңде мақсатты технологияларды, оқыту нысандары мен құралдарын іріктеу.

2. Пәндер бойынша интерактивті сабақ түрлерін әзірлеу.

3. Аумақтық орналасуына қарамастан сапалы білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4. Оқушының шығармашылық өзін-өзі танытуы үшін қолайлы жағдай жасау, білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру мүмкіндігі.

Ғылыми жаңалығы: ШЖМ жағдайында мақсатты технологияларды, оқыту нысандары мен құралдарын іріктеу принциптерін негіздеу (қашықтықтан оқыту жағдайында).

Практикалық маңыздылығы: әзірленген тәсілдемені қолдану оқытушы мен білім алушының тиімді өзара әрекет етуін, әзірленген әдістемелік материалдарды кеңінен қолдануын, сондай-ақ кері байланыстың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Шағын жинақты ауылдық мектепте әртүрлі білім беру технологиялары мен оқыту құралдарын пайдаланудың бірнеше аспектілерін атап өтуге болады:

1. Мотивациялық аспект. Жеке білім алу мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, білім алу қажеттілігін күшейту;

- олардың жалпы білім дайындығының мазмұнын, нысандарын, қарқыны мен деңгейін кеңінен таңдау;
- білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу (қашықтықтан білім беру жобаларына, конкурстарға, олимпиадаларға және т. б. қатысу);
- интернет желісі арқылы қарым-қатынас аясын кеңейту;
- заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру.

2. Мазмұнды аспект. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктері ауылдық мектепте бейінді оқытудың мазмұнын құруда және ең алдымен элективті курстарды іске асыру кезінде, не оқытудың бейінішілік мамандандырылуына және жеке білім беру траекториясын құруда пайдаланылуы мүмкін.

3. Оқу-әдістемелік аспект. Ақпараттық ресурстар жалпы білім беретін және бейіндік оқу пәндерін оқу-әдістемелік қолдау ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сонымен қатар, мұғалім авторлық элективті курстың оқу-әдістемелік кешенін жобалау кезінде түрлі электрондық және ақпараттық ресурстарды пайдалана алады.

4. Ұйымдастырушылық аспект. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар ауылдық мектепте бейінді оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі нұсқаларында қолданылуы мүмкін:

- әр оқушыны жеке бағдарлама бойынша арнайы жеке жоспар бойынша оқыту кезінде;
- мектепте бейіндік топтар (сынып ішінде) және бейіндік сыныптар құру кезінде;
- мектепаралық саралауды іске асыру кезінде (білім алушылардың құрама құрамының бейіндік сыныптарын ашу).

Мәдени-білім беру орталықтарынан алыс кадрлар ресурсы шектеулі шағын жинақты ауылдық мектеп үшін ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, бейіндік оқытудың әртүрлі нысандары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін мектепаралық саралау негізінде бейіндік оқытуды ұйымдастыру неғұрлым қолайлы нұсқа болып табылатынын атап өту қажет.

5. Бақылау-бағалау аспекті.

Әдістемелік ұсынымдар педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің қызметкерлеріне, шағын жинақты мектептердің педагогтеріне және педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

Оқу құралы теориялық материалдың қысқаша мазмұнынан, сондай-ақ оқу процесін ұйымдастыру бойынша практикалық ұсыныстардан тұрады.

1. Ресурстық орталықтардың базасында магниттік мектептердің білім алушыларын оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеіктері

Заманауи Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасып келеді. Бұл процесс педагогикалық теория мен практикадағы елеулі өзгерістердің қолдауы арқылы жүруде.

Біздің өмірімізде кез келген салада, оның үстіне білім беруде, мұғалімнің оқу процесіндегі өз орны мен рөліне жаңа көзқарасты қалыптастырмайынша сапалық өзгерістер болуы мүмкін емес.

Қазақстанның бірыңғай әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі, бүкіл білім беру жүйесін жеделдетілген түрде жаңғыртуды міндеттейді. Заманауи жағдайдағы қоғамның зияткерлік әлеуеті ұлттық байлықтың сыртқы құрамдас бөлігіне ие, ал адамның білімділігі, шығармашылыққа ұмтылуы және қалыпсыз жағдайларда әрекет ете білуі еліміздің қауіпсіздігі мен ғылыми-техникалық прогрессінің негізі болып отыр. Жаңартылған білім мазмұнына көшу дәл осыған негізделген, ол өз мүдделерінде де және қоғам мүддесінде де өзін-өзі маңызды етуге дайын, қарқынды даму үстіндегі ортада өмір сүруге қабілетті, білімді, шығармашыл, құзыретті де бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және дамытуды көздейді.

Білім беру жүйесінің ең бірінші міндеті, ғылым мен практиканың жетістіктері, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Білім беруді дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасына сәйкес жалпы білім беретін мектеп әмбебап білім, біліктілік, дағдылардың жаңа жүйесін, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік іс-әрекет тәжірибесі мен жеке жауапкершілігін, яғни заманауи түйінді құзыреттерді қалыптастыруы керек.

Соңғы уақытта саны айтарлықтай артып отырған ауылдық шағын жинақты мектептерде, объективті әлеуметтік-экономикалық проблемаларға байланысты білім берудің жаңа ұлттық моделін жүзеге асыру қиындыққа тап болып отыр. Бірінші кезекте, бұл материалдық, кадрлық және ғылыми-әдістемелік ресурстардың тапшылығы. Заманауи білім беру сапасын, білім беру процесінің қомақты материалдық-техникалық жабдықталуынсыз елестету мүмкін емес. Дегенмен, шағын жинақты мектептерде мұндай базаны жасау тиімсіз болып табылады, өйткені білім алушылардың санының аздығынан жабдықтар тұрып қалатын болады. Осыған ұқсас жағдай кадрмен қамтамасыз етілуде де бар.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің заманауи даму кезеңінде шағын жинақты мектептердің проблемаларына көп назар аударылуда, олар аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың қорытындысы бойынша төмен нәтижелер көрсетуде. Бұл мектептердің білім алушыларының заманауи

оқу кабинеттерін, ғаламторды пайдалануға мүмкіндіктері жоқ, ШЖМ оқу жоспарындағы барлық пәндерін жоғары білікті мұғалімдер үргізе бермейді.

Бейіндік оқытуды ұйымдастыру да ШЖМ жағдайында үлкен күрделілік тудырады, сыныптарындағы білім алушылардың аз саны, олардың жеке таңдауы негізінде бейіндік бағыттар бойынша білім алушыларды бөлуге мүмкіндік бермейді.

Бұның барлығы «Нәтижеге бағдарланған оқыту» атты білім беру моделінің басты принципін жүзеге асыруды және тұлғалық-бағдарланған тәсілді іске асыруды қиындатады.

Бейіндік оқытусыз білім алушыларды әлеуметтендіру, яғни нарық жағдайында өмір сүруге қабілетті, бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау мүмкін емес.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы шағын жинақты мектептердің проблемаларын шешу жолдарының бірі, тірек мектептері - ресурстық орталықтарын (бұдан әрі – ТМ (РО)) құру болып анықталған. «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – базасында жақын маңайдағы ШЖМ-ге білім беру ресурстары шоғырланатын білім беру ұйымы. Әрбір ресурстық орталыққа бірнеше ШЖМ бекітіледі (магниттік мектеп). ШЖМ-нің балалары 3 рет (оқу жылының басында, ортасында және соңында) 10 күннен (сессия) тірек мектебінде білім алады әрі онда аралық және қорытынды аттестаттауды тапсырады» [1].

Тірек мектептері (ресурстық орталықтар) білім алушылар мен тәрбиленушілердің білім алудағы қажеттіліктеріне сәйкес, оларға барлық білім беру деңгейінде сапа мен қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Бұл ретте келесі міндеттерді шешу көзделеді:

- ұстаздар мен олардың әлеуметтік серіктестерінің күштерін аймақта біріктіру арқылы білім алушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған білім беру процесінің тиімділігін арттыру;

- тірек мектептеріге (ресурстық орталықтарға) кіретін білім беру ұйымдарының ұжымдарында білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жеке түрлерін, әдістерін және тәсілдерін пайдалану;

- әрбір білім алушының қажеттіліктеріне, мүдделеріне қарай оларға өзін-өзі көрсетуге және өзіндік қасиеттерін танытуға мүмкіндік беру;

- тірек мектептеріне (ресурстық орталықтарға) жататын білім беру ұйымдарының білім алушыларын бейіндік оқытуда бейіналды дайындық жүйесін жүзеге асыруға жәрдемдесу;

- білім алушылардың ата-аналарын оқу және тынығы іс-шараларын ұйымдастыруға белсенді түрде араластыру;

- білім беру ұйымдарының әлеуметтік серіктестермен өзара байланыстарын күшейту негізінде білім алушыларды өмірлік және кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауға, өзіндік өмірге, еңбекке жан-жақты дайындау үшін жағдай жасау.

Бұл білім беру кешенін құрудағы алғашқы қадам, қала (аудан) басшылығының ТМ (РО) ашу туралы шешім қабылдауынан басталады.

Шешім негізделген болуы және ТМ (РО) ашуға себепші болатын факторларды талдауға негізделген болуы керек.

1-кесте. Ресурстық орталықтарды ашудағы факторлар

ТМ (РО) ашудағы факторлар	Фактордың маңыздылығы
Жақын маңайда орналасқан шағын жинақты мектептер үшін тірек мектептерінің (ресурстық орталықтарының) қызметін атқаруға қабілетті білім беру ұйымының ауданда бар болуы.	Мұндай мектептердің бар болуы ТМ (РО) құру үшін негіз болып табылады, өйткені олар жеткілікті ресурстаға (материалдық база, білікті кадрлар, оқу жабдықтары, оқу-әдістемелік жарақтар және т.б.) ие.
Тірек мектептерінің желілік мектептерінің білім алушылары мен ұстаздарын тасымалдау мүмкіндігі (ауылдық жерде – мектептердің арасы 150 км артық емес).	Бұл фактордың қажеттілігі айқын, өйткені оқу жылы барысында тірек мектебі базасында оқу сессиялары өткізіледі, одан бөтен қосымша іс-шаралар жүргізілуі мүмкін.
Сессия кезеңінде тірек мектебінде білім алушылардың тұруы және тамақтануына қаржыландыру көздерінің болуы.	Өйткені Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тек балаларды тасымалдауды ғана қаржыландыру қарастырылған, сонда балалардың тұруы мен тамақтануы әкімдіктің келісімі бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландыруды көздейді.
Тірек мектебі мен магниттік мектептер арасында электронды	Сессияаралық кезеңде тірек мектебінің мұғалімдері, магниттік

байланыс орнату мүмкіндігі.	метептердің білім алушылары үшін қашықтықтан оқыту түрінде (40 сағат көлемінде) сабақтар өткізеді. Осыған байланысты сессияаралық кезеңде, магниттік метептердің тьютор-мұғалімдері мен білім алушыларының тірек мектебінің мұғалімдерімен байланысы қамтамасыз етілуге тиіс.
ТМ (РО) енгізуге жорамалданған ресурстық орталықтың педагогикалық ұжымы мен әкімшіліктің оң қарым-қатынасы, сондай-ақ жеткілікті инновациялық әлеуеті.	Бұл фактордың психологиялық мәні бар: барлық ТМ (РО) және магниттік мектептердің ұстаздары, бірінші кезекте тірек мектебінің ұстаздарының жаңа жағдайда жұмыс істеуге ішкі дайындықтары болуы тиіс, олай болмаған жағдайда адамдардың жаңаға деген ішкі кедергісі орын алады, инновациялық іс-әрекетке ынтаның төмендігі, формализм және т.б.
Ресурстық орталықтың жергілікті қоғамдастықтың түрлі ұйымдарымен әлеуметтік серіктестікте болу мүмкіндігі.	Әлеуметтік серіктестік ресурстық орталықтың білім беру кеңістігін кеңейтуге және білім алушылардың әлеуметтену нәтижелілігін күшейтуге көмектеседі.
Жорамалдаған тірек мектебінің демократиялық стилі, оның ресурстық орталықты алқалық тұрғыда басқаруға, магниттік мектеп директорларымен билік өкілеттіктерімен бөлісуге дайын екендігі.	Тірек мектебінің директорының әкімшілдігі, оның ресурстық орталыққа қарасты мектептерді өзі жеке бірегей басқаруға ұмтылуы, ТМ-нің (РО-ның) бірыңғай әкімшілік командасын құру, ынтымақтастық орнату, ТМ-нің (РО-ның) педагогикалық ұжымында жағымды психологиялық климат жасау үшін кедергі болуы мүмкін.

Шағын жинақты мектептердің (магниттік мектептердің) тірек мектептері (ресурстық орталықтары), өз айналасына бірқатар жақын маңдағы балалар контингенті аз және ресурстары жеткіліксіз ШЖМ-ді (магниттік мектептерді) біріктіре алатын, қажетті білім беру жағдайлары бар аудан орталығында немесе қала маңында орналасқан толық жинақты мектептің базасында құрылуы мүмкін [2].

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің 2013 жылғы 17 қазандағы №375 бұйрығына қосымшада келтірілген шағын жинақты мектептері мен тірек мектептерінің (ресурстық орталықтарының) қызмет көрсету тәртібіне (А қосымшада келтіріледі) сәйкес, ТМ (РО) құрылады және ТМ (РО) құрамына кіретін барлық мектептерге арналған аймақтық бірінғай оқу жоспары әзірленеді.

Бірыңғай оқу жоспары – ол жоспардың жалпы мазмұны, яғни ТМ-мен (РО-мен) қамтылған барлық мектептер үшін базалық және кәсіптік пәндер, элективтік курстар және таңдау курстары бірдей.

ТМ-ің (РО-ның) қызмет көрсету бағыттары:

1. Мектептерді басқарудың құрылымдық-функционалдық (корпоративтік ұйымдық-басқарушылық құрылымы, ғылыми-әдістемелік қызмет, бірыңғай қаржы бөлімі) үлгісін әзірлеу.

2. Білім берудің базалық және бейіндік мазмұнын біріктіру:

- бейіндік пәндерді, біріктірілген курстарды енгізу;

- саралап оқытудың әртүрлі деңгейлік бағдарламаларын әзірлеу;

- мектеп жанында интернаты бар кешен базасында дарынды балалармен (оқуда мүмкіндігі шектеулі балалармен) жұмыс ұйымдастыру;

- балалардың жеке қабілетінің дамуын диагностикалау жүйесін әзірлеу.

3. ТМ-ің (РО-ның) медициналық-психологиялық-педагогикалық қызмет көрсетуі үшін жағдай жасау және қамтамасыз ету.

4. Аймақтық компоненттерді ескере отырып еңбек бейіндерін ашу; кәсіби бағдар беру жүйесін әзірлеу.

5. «БАИ және МҚД БҚ «Ресурстық орталық» білім беру ақпараттық жүйесін құру.

6. «БАИ және МҚД БҚ «Ресурстық орталық» оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік кешенін компьютерлендіру.

7. Оқу-әдістемелік кешенін (аудиовизуалды құралдары, виртуалды оқулықтар, дидактикалық материалдар, бағдарламалар, бланкілер және т. б.) әзірлеу.

8. Отбасының тәрбиелік әлеуетін сақтау-эксперименті басты идеясы негізінде ресурстық орталықтың тәрбие жүйесінің тұжырымдамасын әзірлеу.

9. Оқу модульдері бойынша (оқу материалын ірі блокпен беру, нақты блоктың материалын меңгеру процесін түрлі деңгейде ұйымдастыру) ТМ (РО) оқу бағдарламаларын құрылымдау. Ұжымдық оқыту тәсілін (түрлі жастағы топтарды ұйымдастыру) енгізу.

Тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) жұмыс жүйесін қарастырайық.

ТМ (РО) кешенді-бейімді типті болуы мүмкін, яғни өзіне келесі компоненттерді қамтиды:

• **Басқару блогы,**

• **Білім беру процесінің блогы:**

- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту;

- базалық жалпы білім беру процесі;

• **Бейімдік оқыту блогы;**

• **Шығармашылық дамыту блогы:**

- диагностика, бейімдеу және дамыту;

- әдістемелік-психологиялық қызмет;

- дамыту, тәрбиелеу, әлеуметтендіру;

- ақпараттық - талдау қызметі.

Блоктардың педагогикалық қызметі сессиялық кезеңде де, магниттік мектептерге шыға отырып сессияаралық кезеңде де жүзеге асырылады.

ТМ (РО) **басқару блогы** басқару объектісінің ерекшелігін ескере отырып, басшылықты жүзеге асырады және келесі функцияларды атқарады:

- қауымның өзгерістерін, білім беру қажеттілігін, әлеуметтік тапсырыстарды талдау және болжау;

- ТМ (РО) құндылықтары жүйесін қалыптастыру;

- оқу жоспарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру;

- біріктірілген білім беру кеңістігін ұйымдастыру;

- ТМ (РО) дамыту бағдарламасының тұжырымдамасын әзірлеу және іске асыру;

- білім беру процестерін үйлестіру;

- ТМ (РО) білім алушыларының контингентін құрылымдау және диагностикалауды есепке алуды ұйымдастыру;

- мұғалімдер мен білім алушылардың жобалау-зерттеу жұмысын ұйымдастыру;

- ТМ (РО) білім алушыларының тасмалдануын, тұратын орынын және тамақтануын ұйымдастыру;

- инновацияларды әзірлеу және игерілуін ұйымдастыру;

- көп арналы қаржыландыру ұйымдастыру;

- қосымша қызмет көрсету, кәсіби оқытуды жүзеге асыру;

- ТМ (РО) білім алушыларының оқуда болуына әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау.

ТМ (РО) басқару органы Үйлестіру Кеңесі болып табылады.

Үйлестіру Кеңесінің құзыреті, Кеңес Төрағасының, оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, Кеңестің жұмын ұйымдастыру тәртібі Үйлестіру Кеңесі туралы Ережесімен айқындалады.

Үйлестіру Кеңесінің құрамына:

- жергілікті білім беру басқармасы органдарының мүшелері;
- ТМ (РО) құрамына кіретін білім беру ұйымдарының басшылары;
- жұртшылық (ғылыми, мәдени, іскерлік және т. б.) өкілдері, ата-аналар.

ТМ (РО) директоры, ТМ (РО) қызметін үйлестіруші болып табылады және білім беру кешенінің ұйымдық-құқықтық құжаттарда қарастырылған құзыреттілігі мен өкілеттіктері шегінде тікелей басшылықты жүзеге асырады.

Директорының орынбасары, кәсіби біліктілігі талаптары, еңбек шартында және мектеп жарғысында қарастырылған функционалдық міндеттеріне сәйкес білім беру үдерісін ұйымдастыруға жауапты.

Басқарудың жоғарғы деңгейіндегілер:

- ТМ (РО) және магниттік мектептердің педагогикалық ұжымын біріктіретін мектептің педагогикалық Кеңесі, ресурстық орталықтардың білім беру мақсаттары мен міндеттерінің орындалуын қадағалайды;

- құрамына ТМ (РО) мен шағын жинақты мектептердің директорлары кіретін директорлар Кеңесі, басшылық қызметі бойынша ТМ (РО) қызметін жалпы үйлестіруді жүзеге асырады;

- құрамына Әкімшілік және ата-аналар қауымдастығының өкілдері кіретін қамқоршылық кеңесі;

- құрамына БАИ және БҚҚД қызметкерлері, ШЖМ-ды дамытудың аймақтық орталықтар қызметкерлері кіретін, жобаларды жүзеге асыру бойынша Үйлестіру орталығы. Ол мониторинг өткізу тобының медициналық-психологиялық қызмет көрсету жұмысын үйлестіреді.

Білім беру процесінің блогы

Мақсаты: Білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, әртүрлі деңгейде бейіндік оқыту негізінде олардың білімге деген қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

- білімнің базалық компонентін жүзеге асыру;
- дарынды балалармен жұмыс істеу жүйесін дамыту;
- педагогикалық ынтымақтастық негізінде тәрбие жұмысының бірыңғай жүйесін құру;
- магниттік мектептердің оқу-тәрбие қызметін жандандыру және үйлестіру.

Бейіндік оқыту блогы

Мақсаты: Еңбек нарығында өзін-өзі танытуға қабілетті, шығармашылық белсенді, кәсіби-бағдарланған жеке тұлғаны дайындау. Біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптер негіздерінің білімдерін меңгеру.

Міндеттері:

- оқытуды ерте мамандандыру үшін жағдай жасау;
- жалпы білім беретін пәндер мен еңбекке оқыту сабақтары арасында пәнаралық байланыстар орнату;
- білім алушыларды мамандық әлемінде бағдарлау үшін кәсіптік шеберханалар ашу;
- білім алушылардың бойында белгілі бір типтегі кәсіптерге қызығушылығын қалыптастыру.

Шығармашылық дамыту блогы

Мақсаты: ТМ (РО) тәрбиелеу әлеуетін күшейту, магниттік мектептердің арасындағы бейресми байланыстарды дамыту арқылы, мәдени лайықтылық принциптерінде білім алушылардың оң тұжырымдамасы, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

Міндеттері:

- әртүрлі іс-әрекет түрлері балалардың бейімділігі мен қабілеттерін анықтау және дамыту;
- өнер, ғылым, техника саласында балалар шығармашылығы үшін жағдай жасау;
- мектептегі пәндік курстарға практикалық толықтырулар жасау;
- білім алушыларды кәсіптік бағдарлау;
- қызығушылықтары бойынша әртүрлі жастағы балалар ұжымдарын қалыптастыру;
- сабақтан тыс уақытта балалардың бос уақыты мен демалысын ұйымдастыру;
- білім алушылардың зияткерлік қабілеттері, олардың әлеуметтік, жеке ерекшеліктері диагностикасы;
- ТМ (РО) білім беру қызметінің тиімділік деңгейінің диагностикасы;
- білім алушылардың ақпараттық мәдениетті қалыптастыру;
- білім алушылардың мектептегі үлгермеуінің жасырын, терең себептерін анықтау;
- ТМ (РО)-дағы физикалық тұрғыда, интеллектуалдық жүктемелерге бейімделу процесінде білім алушылар мен мұғалімнің денсаулығы, психикалық диагностикасы.

Оқылатын бейіндік пәндердің практикалық блогы, элективті курстар мен таңдау бойынша курстар, оқыту нәтижелерін бақылауға бөлінген сағаттар тірек

мектебі мұғалімдеріне берілетінін негізге ала отырып, бірыңғай оқу жоспары негізінде әрбір білім беру ұйым жұмыс оқу жоспарын әзірлейді. Осылайша, әрбір мектептің оқу пәндерінің мазмұны ортақ, бірақ мұғалімдерді тарифтеуге арналған жұмыс оқу жоспарындағы сағаттар саны әр түрлі. Басқаша айтқанда, қандай сағаттар өз мектебінің базасында жүзеге асырылатыны, ал қандай сағаттар тірек мектебіне берілетіні түсіндірме жазбада түсіндіріп берілген, барлық мектептің бірдей жұмыс жоспарлары бар.

Ресурстық орталықтың бірыңғай оқу жоспарымен 4 модуль қарастырылған, олардың әрқайсысы мемлекеттік стандарттар аясынан аспайтын сағаттар санын қамтиды. Әрбір модуль теориялық (Т) және практикалық (П) әрекеттер сағаттарын қамтиды.

Модульдердің құрылымы мен мазмұны:

I модуль. Үлгілік оқу жоспарының инварианттық бөлігінің пәндері.

Мақсаты: үлгілік оқу жоспарының инварианттық бөлігінің білім мазмұнын меңгеру арқылы пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру.

- Әрбір пәннің бөлімдер мен тақырыптары енгізіледі.
- Зерттеу жұмыстары элементтерін қолдана отырып дәстүрлі оқыту.
- Бағалау бес балдық жүйе бойынша бағаланады.

II модуль. Бейіндік пәндер

Мақсаты: білім алушыардың бейіндік пәндер бойынша білімдерін тереңдететін практикалық, зерттеу жұмыстарын орындауы арқылы қоғамдық-гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағыттағы бейіндік пәндері мазмұнының міндетті деңгейін меңгеруін қамтамасыз ету.

Білім алушылардың білімін тереңдетуі мен игеруіне, соның ішінде оның практикалық дағдыларын дамытуға әсер ететін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру түрлері:

- Интерактивті оқыту: семинар-тренинг, жобалау, қашықтықтан оқыту.
- Бағалау бес балдық жүйе бойынша бағаланады.
- Өзін-өзі бағалау (портфолио).

III-модуль. Элективті курстар.

Мақсаты: білім алушының жеке-жеке тұлғалық дамуы сипатын анықтау арқылы, бейіналды дамуын қамтамасыз ету.

Білім алушылардың білімін тереңдетуі мен игеруіне, соның ішінде оның практикалық дағдыларын дамытуға әсер ететін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру түрлері:

- Интерактивті оқыту: семинар-тренинг, жобалау, қашықтықтан оқыту.
- Рейтингік бағалау, жобаны қорғау. Портфолионың (оқу-баспа жұмысының) презентациясы.

IV-модуль. Таңдау бойынша курстар.

Мақсаты: білім алушылардың білім алудағы мүдделерін қанағаттандыруға және бейіндік пәндердің мазмұнын одан әрі игеруге бағытталған тұлғалық бағдарламалау арқылы білім алушылардың өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ету.

Білім алушылардың білімін тереңдетуі мен игеруіне, соның ішінде оның практикалық дағдыларын дамытуға әсер ететін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру түрлері:

- Интерактивті оқыту: семинар-тренинг, жобалау, қашықтықтан оқыту, өздігінен білім алуды ұйымдастыру.

- Рейтингтік бағалау – Портфолио (реферат, жоба, эссе, шығарма және т. б.).

- Бейінді оқытудың бағыттары бойынша модулдерді сессиялық және сессияаралық кезеңдерге бөлу. Шамамен бөлу жоспары 2-кестеде көрсетілгендей болады.

2-кесте. Модулдерді сессиялық және сессияаралық кезеңдерге бөлудің үлгілік жоспары

Кезеңдер	Модулдердің құрылымы	Мазмұны
<i>Сессия аралық кезең (1-тоқсан)</i>	I модуль. Үлгілік оқу жоспарының инварианттық бөлігінің пәндері. II модуль. Бейіндік пәндер. III-модуль. Элективті курстар. IV-модуль. Таңдау бойынша курстар.	Электрондық оқыту негізінде әрбір бейіндік пәннің бөлімдері мен тақырыптары бойынша білім алушылардың білімін тереңдету және көлемін ұлғайту. Білім алушының қалауы бойынша курсты таңдау, курсты бекіту, зерттеу жолдарын қарастыру, курстың I модулін кеңейту, тьютордың жетекшілік етуімен жобаның тақырыбын анықтау.
<i>I сессия. Қыркүйек-қазан</i>	II модуль. Бейіндік пәндер. III-модуль. Элективті курстар. IV-модуль. Таңдау бойынша курстар.	Практикалық, зертханалық, зерттеу-шығармашылық тапсырмаларды орындау. I тоқсанның жобалау жұмысын зерттеуді жүзеге асыру.
<i>Сессия аралық кезең (II-тоқсан)</i>	I модуль. Үлгілік оқу жоспарының инварианттық бөлігінің пәндері. II модуль. Бейіндік	Электрондық оқыту негізінде әрбір пәннің бөлімдері мен тақырыптарын игеру арқылы, бейіндік пәндер бойынша білім алушылардың білімін

	пәндер. III-модуль. Элективті курстар. IV-модуль. Таңдау бойынша курстар.	тереңдету және көлемін ұлғайту. <i>Білім алушылардың білімін тереңдетуі мен игеруіне, соның ішінде оның практикалық дағдыларын дамытуға әсер ететін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру түрлері:</i> - I тоқсанның жобалау жұмысын зерттеудің дербес маршруттық парақтары, ұсыныстар бойынша әрекет ету; - білім алушының күнделігін жүргізу; - жұмыс портфолиосын жинау; - білім алушының іс- әрекеттерін (түзету, кеңес беру) талдау.
2-сессия. Қараша- желтоқсан	II модуль. Бейіндік пәндер. III-модуль. Элективті курстар. IV-модуль. Таңдау бойынша курстар.	<i>Білім алушылардың білімін тереңдетуі мен игеруіне, соның ішінде оның практикалық дағдыларын дамытуға әсер ететін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру түрлері:</i> - зертханаларда практикалық, зертханалық, зерттеу- шығармашылық тапсырмаларды орындау; - II тоқсанның жобалау жұмысын зерттеуді жүзеге асыру; - білім алушының портфолиосын бағалау.

ТМ (РО)-ға арналған бірыңғай оқу жоспарының мысалы 3-кестеде келтірілген.

3-кесте. ТМ (РО)-ға арналған бірыңғай оқу жоспарының шамамен берілген үлгісі

№	Білім беру салалары	Жылдық жүктеме	ШЖМ		Тірек мектебі (РО)	
	Инвариантты компонент (Базалық және бейіндік пәндер)					
	Вариативті компонент (Бейіндік пәндер, Элективті курстар, таңдау бойынша курстар)					

Төмендегі 1суретте ТМ (РО) оқу жұмыс жоспарының құрылымы келтірілген.



1-сурет.

Ұстазға модульдердің өзі жүргізген бөліктерінің сағаттары төленеді. Шағын жинақты мектептердің вариативтік компонентінің сағаттары басқа мектепке ауыстырып берілуі немесе сырттан оқытушылар шақырылуы мүмкін. Бұл туралы, мемлекеттік мекемелерге сабақ жүргізуге тартылған қызметкерлерге еңбек ақысын сағат бойынша төлеу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1400 Қаулысы бар[3].

Тірек мектебі тарапынан регламенттейтін құжаттар әзірленеді:

- мектеп Жарғысына қосымша;
- тірек мектебі (ресурстық орталық) туралы ереже;
- Үйлестіру Кеңесі туралы ереже;
- ТМ (РО) құру туралы әр түрлі деңгейдегі бұйрықтар шығару.

ТМ (РО)-ның жұмыс бағдарламасы келесі құрылым бойынша құрылады.

Бағдарламаның маңыздылығы

Заманауи мектептің маңызды проблемаларының бірі – түлектердің қоғамға табысты әлеуметтенуге және еңбек нарығына бейімделуге жеткіліксіз дайындығы. Бұл проблеманың шешімі, бейінді оқытумен ұйымдастырылатын білім алушыларды әлеуметтендіруге және оқытуды даралауға бағытталған, жалпы білім беретін мектептің жоғарғы сыныптарында арнайы дайындау жүйесін құруда екенін көріп отырмыз. Бейіндік оқытуды енгізу саралануымен, вариативтік білімі бар, базистік оқу жоспарымен (БОЖ) тікелей байланысты, олар өзара байланыса отырып, бейінді оқытудың негізгі аспектілерін ашып береді. Бейіндік оқытудың ерекшелігі элективті курстар мен таңдау курстарын ұйымдастыру болып табылады.

ТМ (РО)-да 10-сыныптарға көпсалалы оқытуды құруға мүмкіндік бар. Бірыңғай оқу жоспарлары жасалады, оларда қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы кәсіптендіру пәндерін оқуға мүмкіндігі бар.

ТМ (РО)-ның бейіндік сыныптарының базистік оқу жоспарында инварианттық және вариативтік бөлігі, сондай-ақ оқушы компоненті бар, ол бейіндік пәндер, элективті курстар мен таңдау курстарынан тұрады. Бұның барлығы ТМ (РО)-да сессиялық және сессияаралық кезеңдерде ұйымдастырылады.

Бағдарламаның мақсаты: ТМ (РО)-да сессиялық және сессияаралық кезеңдерде бейіндік оқытуды ұйымдастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- бейіндік және базалық білім беруде білім сапасын жақсарту;
- білім алушылардың жеке басының коммуникативті қасиеттерін дамыту;
- элективті курстар мен таңдау бойынша курстарды ұйымдастыру;
- жаңа технологияларды пайдалану;
- зерттеушілік және жобалық жұмысты дамыту үшін жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже:

- білім алушыларды кәсіпке дейінгі дайындау;
- заманауи жобалау әдістерін енгізу;
- білім алу және білімін қолданудағы өзінділік;
- коммуникативтік және топтық ынтымақтастық;
- жаңадан жаңалық ашу және ізденіс.

ТМ (РО)-да жүзеге асырылатын негізгі эксперименттік идеялар

1. ТМ (РО)-ны дамыту үшін жағдайлар жасау:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- материалдық-техникалық;
- нормативтік-құқықтық;

- кадрлық;
- ғылыми-әдістемелік;
- қаржылық.

2. Бейіндік оқытудың міндеттерін қамтамасыз ететін оқу-тәрбие процесінің моделін жасау.

3. Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы бейінді пәндердің мазмұнын дамыту.

4. Инновациялық технологиялар негізінде элективті курстар мен таңдау бойынша курстарын дамыту.

5. Жобалау жұмысын және зерттеушілік-шығармашылық дағдыларын дамыту.

6. Қашықтықтан оқытуды енгізу және пайдалану.

7. ТМ (РО)-ның бейіндік сыныптары білім алушыларының жеке бағдар маршруттық парақтарын енгізу алгоритмін әзірлеу.

Күтілетін нәтижелер бағалау критерийлері:

- 1) ҚГБ және ЖМБ пәндер бойынша білім сапасын арттыру;
- 2) білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту;
- 3) ынталарын арттыру;
- 4) білім алушылардың портфолиосын жасау;
- 5) сессия аралық кезеңде білім алушылардың күнделігін жүргізу;
- 6) жеке бағдар маршруттық парақтарын жасау;
- 7) коммуникативтігін дамыту.

Диагностикалық құрал:

- 1) тестілеу;
- 2) сауалнама жүргізу;
- 3) психологиялық диагностикалау;
- 4) ынталандыру мен коммуникативтік қасиеттерді психологиялық зерттеу;
- 5) бейіндік сыныптардың білім алушыларының іс-әрекеттеріне сараптама;
- 6) білімдеріне бақылау кесіндісін алу.

Біз 2018-2019 оқу жылғы аймақтардан келіп түскен деректерді зерттеп және талдау жасадық. Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша ТМ (РО)-ның және оларға бекітілген магниттік мектептер саны туралы мәліметтер жинақталды. Қазақстан Республикасы бойынша бірінші ТМ (РО) 2003 жылы Қарағанды облысы, Бұхар-жырау ауданының Ростовский ОМ базасында құрылса, 2004 жылы Шет ауданында, 2005 жылы Жаңаарқа ауданында құрылды. 2007 жылы ТМ (РО) Түркістан облысының, Ордабасы ауданында, 2010 жылы Батыс Қазақстан облысының, Ақжайық ауданы М. Әуезов атындағы №2 ОМ базасында ашылды. Келесі 2011 жылы тағы (Ақмола, Ақтөбе,


аймақта ТМ (РО)-ның негізі құрылды. Аймақтарда жылдар бойынша ТМ (РО)-ның құрылуы туралы деректер келесі кестде келтірілген (4-кесте).

4-кесте. Аймақтарда жылдар бойынша ТМ (РО)-ның құрылуының көрсеткіштері

Облыс	Барлық ТМ (РО)	ТМ (РО) құрылған жылы													
		2003	2004	2005	2007	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	
Ақмола	20	-	-	-	-	-	4	2	4	3	4	1	-	2	
Ақтөбе	11	-	-	-	-	-	2	1	3	-	3	2	-	-	
Алматы	9	-	-	-	-	-	-	2	4	-	3	-	-	-	
Атырау	0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Батыс Қазақстан	17	-	-	-	-	1	3	1	3	3	3	1	1	1	
Жамбыл	11	-	-	-	-	-	-	3	1	4	2	-	-	1	
Қарағанды	39	1	1	1	-	-	1	-	1	1	6	12	9	6	
Қостанай	20	-	-	-	-	-	2	3	4	3	4	1	-	3	
Қызылорда	0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Маңғыстау	1	-	-	-	-	-	-	-	1	-	-	-	-	-	
Павлодар	19	-	-	-	-	-	4	2	1	9	3	-	-	-	
Солтүстік Қазақстан	20	-	-	-	-	-	1	3	4	2	4	2	3	1	
Түркістан	8	-	-	-	1	-	-	1	1	2	3	-	-	-	
Шығыс Қазақстан	6	-	-	-	-	-	-	2	-	2	-	2	-	-	
Барлығы	181	1	1	1	1	1	17	20	27	29	35	21	13	14	


Аймақтардан келіп түскен мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасы бойынша барлығы 181 ТМ (РО) жұмыс істейді, оларға аймақтар бойынша 594 магниттік мектептер бекітілген. Олармен қазақ тілінде оқытатын магниттік мектептердің 28479 білім алушылары, сондай-ақ орыс тілінде оқытатын магниттік мектептердің 9430 білім алушылары оқытумен қамтылған. Деректер 1 және 2-диаграммаларда келтірілген.

ТМ (РО) және магниттік мектептер саны



1-диаграмма

ТМ (РО)-де оқытумен қамтылған магниттік мектептердің білім алушыларының саны



2-диаграмма


Төменде келтірілген 5-кестеде ТМ (РО), магниттік мектептер және олардағы білім алушылар саны көрсеткіштері берілген

5-кесте. ТМ (РО), магниттік мектептер және олардағы білім алушылар саны көрсеткіштері

Облыс	Барлық ТМ (РО)	ТМ (РО)-ғы білім алушылар		Магнитті к мектептер	Магниттік мектептердегі білім алушылар	
		қаз	орыс		қаз	орыс
Ақмола	20	649	712	50	342	381
Ақтөбе	11	3541	393	31	1629	390
Алматы	9	4009	580	31	3850	229
Атырау	0	-	-	0	-	-
Батыс Қазақстан	17	5416	954	33	1948	262
Жамбыл	11	4455	-	36	4409	-
Қарағанды	39	10251	3838	191	10998	3368
Қостанай	20	2089	4447	74	786	2472
Қызылорда	0	-	-	0	-	-
Маңғыстау	1	49	-	2	260	-
Павлодар	19	3142	1684	58	2526	1042
Солтүстік Қазақстан	20	426	837	50	333	700
Түркістан	8	6173	-	12	1241	-
Шығыс Қазақстан	6	728	665	26	157	586
Барлығы	181	40928	14110	594	28479	9430


Аймақтардың 2018-2019 оқу жылындағы ақпараттары бойынша 181 ТМ (РО)-да, қазақ тілінде оқытатын ТМ (РО)-да 5048 мұғалім жұмыс істейді, оның ішінде 5280 мұғалімнің жоғары білімі, 482 мұғалімнің арнаулы орта білімі бар. Ал орыс тілінде оқытатын ТМ (РО)-да 3611 мұғалім жұмыс істейді, оның ішінде 3408 мұғалімнің жоғары білімі болса, 2032 -нің арнаулы орта білімі бар. Оқыту тілдері бойынша ТМ (РО) мұғалімдерінің саны туралы деректер 3 және 4- диаграммаларда келтірілген.

Қазақ тілінде оқытатын ТМ (РО) мұғалімдерінің білімдері бойынша саны



3-диаграмма

Орыс тілінде оқытатын ТМ (РО) мұғалімдерінің білімдері бойынша саны



4-диаграмма

Оқу тілін көрсете отырып, білімдері бойынша ТМ (РО) мұғалімдерінің санының көрсеткіштері туралы деректер б-кестеде келтірілген.

6-кесте. Білімдері бойынша ТМ (РО) мұғалімдерінің санының көрсеткіштері

Облыс	Қазақ тіліндегі ТМ (РО) мұғалімдер саны	Білімі бойынша мұғалімдер саны		Орыс тіліндегі ТМ (РО) мұғалімдер саны	Білімі бойынша мұғалімдер саны	
		жоғары	арнайы орта		жоғары	арнайы орта
Ақмола	216	188	28	200	170	30
Ақтөбе	388	360	28	150	141	9
Алматы	233	226	7	242	238	4
Атырау	-	-	-	-	-	-
Батыс Қазақстан	784	640	144	34	30	4
Жамбыл	736	683	53	-	-	-
Қарағанды	1418	1359	59	1400	1362	38
Қостанай	299	273	26	664	605	59
Қызылорда	-	-	-	-	-	-
Маңғыстау	7	7	-	-	-	-
Павлодар	703	617	86	221	196	25
Солтүстік Қазақстан	426	57	-	559	539	20
Түркістан	717	694	23	-	-	-
Шығыс Қазақстан	204	176	28	141	127	14
Барлығы	5762	5280	482	3611	3408	203

Балаларды оқытудағы табыстылықтың басты факторларының бірі педагогикалық құрамның сапасы болып табылады. Қазақстан Республикасы бойынша қазақ тілінде оқытатын ТМ (РО) мұғалімдерінің жоғары санаты бары

1270 немесе осы ТМ (РО) мұғалімдерінің барлық санының 20,2% құрайды. Бірінші санатты 1708 (27,1%) мұғалім, екінші санатты – 1562 (24,8%), санаты жоқтары 1489 (23,7%). Ұстаз зерттеушілер 77 (1,2%), ұстаз сарапшылар 107 (1,7%), модераторлар 78 (1,2%) шеберлері 4 (0,1%). Қазақ тіліндегі ТМ (РО) мұғалімдерінің сапалық құрамы туралы деректер 7-кестеде келтірілген.

7-кесте. Қазақ тіліндегі ТМ (РО) мұғалімдерінің сапалық құрамы

Облыс	ТМ (РО) мұғалімдерінің саны	Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	Санаты жоқ	Ұстаз зерттеуші	Ұстаз сарапшы	модератор	шебер
Ақмола	216	47	77	45	31	7	2	3	4
Ақтөбе	388	38	117	134	9	17	33	40	-
Алматы	233	43	60	75	55	-	-	-	-
Атырау	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Батыс Қазақстан	784	146	257	184	137	12	34	14	-
Жамбыл	736	198	166	177	195	-	-	-	-
Қарағанды	1418	246	280	346	546	-	-	-	-
Қостанай	299	52	77	71	76	10	8	5	-
Қызылорда	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Маңғыстау	7	1	-	4	2	-	-	-	-
Павлодар	1236	276	392	274	224	26	28	16	-
Солтүстік Қазақстан	57	15	18	13	11	-	-	-	-
Түркістан	717	160	205	190	162	-	-	-	-
Шығыс Қазақстан	204	48	59	49	41	5	2	-	-
Барлығы	6295	1270	1708	1562	1489	77	107	78	4

Аймақтардан келіп түскен деректер бойынша Қазақстан Республикасындағы орыс тілінде оқытатын ТМ (РО) мұғалімдерінің жоғары санаты бары 710 немесе осы ТМ (РО) мұғалімдерінің барлық санының 20,0% құрайды. Бірінші санатты 848 (23,8%) мұғалім, екінші санатты – 890 (25,0%), санаты жоқтары 1013 (28,5%). Ұстаз зерттеушілер 21 (0,6%), ұстаз сарапшылар 40(1,1%), модераторлар 31 (0,9%) шеберлері 5 (0,1%). Орыс тіліндегі ТМ (РО) мұғалімдерінің сапалық құрамы туралы деректер 8-кестеде келтірілген.

8-кесте. Қазақ тіліндегі ТМ (РО) мұғалімдерінің сапалық құрамы

Облыс	ТМ (РО) мұғалімдері	Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	Санаты жоқ	Ұстаз зерттеуші	Ұстаз сарапшы	модератор	шебер
Ақмола	200	55	70	40	20	6	2	3	4
Ақтөбе	242	52	80	63	47	-	-	-	-
Алматы	150	12	42	54	3	8	16	15	-
Атырау	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Батыс Қазақстан	34	3	19	9	3	-	-	-	-
Жамбыл	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Қарағанды	1400	200	213	340	647	-	-	-	-
Қостанай	661	142	172	187	156	1	1	1	1
Қызылорда	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Маңғыстау	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Павлодар	171	41	53	30	29	5	5	8	-
Солтүстік Қазақстан	559	158	154	136	90	1	16	4	-
Түркістан	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Шығыс Қазақстан	141	47	45	31	18	-	-	-	-

Барлығы	3558	710	848	890	1013	21	40	31	5
----------------	-------------	------------	------------	------------	-------------	-----------	-----------	-----------	----------

ТМ (РО)-ның толыққанды жұмыс істеуі, сондай-ақ оның жұмысының тиімділігі үшін материалдық-техникалық базасы заманауи талаптарға сай болуы тиіс, жаңа модификация кабинеттері: физика кабинеті, химия кабинеті, лингафондық-мультимедиялық кабинет, информатика кабинеті, робот техникасы кабинеті, интерактивті тақта және т. б. болуы керек. ТМ (РО)-ның материалдық-техникалық базасы туралы деректерді 9-кестеден көруге болады.

9-кесте. Қазақстан Республикасы бойынша ТМ (РО)-ның материалдық-техникалық базасы

Облыс	Химия кабинеті	Биология кабинеті	Физика кабинеті	Информатика кабинеті	Математика кабинеті	Мультимедиялық кабинет	ІТ кабинеті	Робот техникасы	Интерактивті тақта	Жаттығу залы
Ақмола	13	8	12	3	5	2	3	-	3	-
Ақтөбе	11	9	11	8	3	5	1	-	1	-
Алматы	9	9	9	9	3	2	2	-	-	-
Атырау	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Батыс Қазақстан	12	12	12	12	-	11	1	-	9	-
Жамбыл	8	6	11	-	-	13	-	8	-	-
Қарағанды	13	10	12	5	1	7	4	6	16	-
Қостанай	7	6	8	3	2	45	-	3	17	-
Қызылорда	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Маңғыстау	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Павлодар	15	13	15	6	3	6	3	1	21	-
Солтүстік Қазақстан	14	14	14	14	5	12	1	-	-	-
Түркістан	3	3	3	3	-	1	-	-	-	-

Шығыс Қазақстан	4	2	4	-	-	2	6	3	10	--
-----------------	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----

ТМ (РО)-да білім беру процесі бүкіл оқу жылы бойы бірыңғай оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады, дайындық деңгейіне қарамастан барлық білім алушылар контингентін қамтиды және 3 сессияны (бағыт беруші, оқу, қорытынды), сондай-ақ сессияаралық кезеңде қамтиды.

8-9 сыныптарда бейіналды даярлық, ал 10-11 сыныптарда бейінді оқыту жүзеге асырылуна байланысты, ресурстық орталықта осы жоғары сынып білім алушыларын оқытуды ұйымдастыру орынды. Ресурстық орталықта оқу процесі аймақтардың мүмкіндіктерін ескере отырып, магниттік мектептердің 8-11 сынып білім алушылары үшін сессиялық түрде ұйымдастырылады. Сессия кезеңінде білім алушыларды тасымалдай отырып, тірек мектебінің оқу зертханалары мен шеберханаларында практикалық оқу іс-әрекеті ұйымдастырылады. Сессия кезеңінде сабақ оқу тоқсанында (дұрысы соңғының алдындағы) 1 апта бойы өткізіледі. Сессияаралық кезеңде білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті тірек мектебінің пән мұғалімдерінің қашықтықтан қолдауымен шағын жинақты мектептерде өткізіледі, on-line режимінде интерактивті сабақтар жүргізіледі.

Электронды, оның ішінде қашықтықтан оқыту пайдалану ТМ (РО)-ның оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Тірек мектебінің білім беру жүйесі аймақтың өзгешелігін, мұқтаждығын және білім алушылар мен олардың ата-аналарының сұранысын ескере отырып, педагогикалық қызметке бірыңғай талаптардың болуы, күтілетін нәтижелердің, бірыңғай мақсаттардың болуын көздейді. Сонымен қатар, мұндай жүйе ауылдық ШЖМ ұстаздарына, білім алушыларды функционалдық сауаттылығы мен әлеуметтендіруге бағытталған құзырлық білім беру парадигмасындағы кәсіпті әрекеттер нәтижелеріне қайта бағытталуына көмектеседі.

Білім алушылар жылына үш рет тірек мектебіне сессияға барып отырады, ол уақытта олар базалық пәндер бойынша оқудағы қиындықтарды еңсеруде білікті әдістемелік көмек алып, кәсіп аясында практикалық дағдыларын меңгереді, медициналық тексеруден өтеді, бұл ретте олар үшін жалпы ақпараттық-мәдени орта едәуір ұлғаяды. Білім алушылардың оқудағы қиындықтары анықталып, технологиялық карталар жасалады, оның негізінде қиындықтарды жою бойынша түзеу жұмысын жүргізу мақсатында оқытудың жеке бағыттар әзірленеді. Сессияға келген білім алушылар қалыпты жағдайлармен тұратын орын, төрт мезгіл тамақпен қамтамасыз етіледі, олар

үшін қорғаныс-спорттық, сауықтыру, көркемдік-эстетикалық және интеллектуалдық сипаттағы дамыту сабақтары ұйымдастырылады.

Бағыт беруші сессия ТМ (РО)-ның бірлескен отырысында жасалған оқу процесі кестесіне сәйкес, тірек мектебінің базасында оқу жылының басында өткізіледі.

Бағыт беруші сессия басталғанға дейін ТМ (РО)-да кірістіру тестілеуі өткізіледі, ол білім алушылардың пәндік құзыреттері деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Білім алушыларды әлеуметтендіру деңгейіне мониторинг жүргізу үшін сессияның басында және сессия соңында жеті критерийлер бойынша диагностикалау жүргізіледі.

Тәрбиеленушілерге қазіргі кезде және одан әрі өз бетінше өмір сүруіне қажетті ең маңызды біліктіліктер, критерийлер бола алады. Критерийлер келесілер: салауатты өмір салты (СӨС) дағдыларының қалыптасуы, әлеуметтік бейімделу, коммуникативтік дағдылардың қалыптасуы, оқуға ынталану, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік бейімделу дағдыларының қалыптасуы, адамгершілік нормалары мен ережелерін игеру деңгейі (10-кесте).

10-кесте. Сессияның басындағы «__» сынып білім алушыларын әлеуметтендіру деңгейінің мониторингі нәтижелері

Білім алушының Т.А. Ә	СӨС дағдыларының қалыптасуы	әлеуметтік бейімделуі (режимді орындауы)	коммуникативтік дағдылары (тілдік мәдениеті)	оқуға ынталануы (өздігіне дайындалуы)	әлеуметтік белсенділігі (бос уақытының ұйымдастыруы)	өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары	адамгершілік нормалары мен ережелерін игеру деңгейі

Әр түрлі әлеуметтік (мектеп және отбасылық) орталардағы күнделікті өмірде білім алушының мінез-құлықындағы өзгерістерді талдау бағалаудың негізі болғандықтан, талдау нәтижелері барлық мұғалімдерге ыңғайлы және түсінікті түрде беріліп отыр.

